

ТУҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒАЛАР ТАҒДЫРЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Амирова Б.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Түрікпенов Ж.Т., зейнеткер-профессор, Алматы, Қазақстан

Еліміз егемендік алғаннан бергі жылдары қазақ тарихы әр қырынан ашылып, халқымызды көптеген қуанышты жаңалықтармен сусындандыруда. Оның ішінде, тарихи есімі ескерілмей келген ғұлама ғалымдарымыз жайлы танып біліп жатырмыз. Ал үстіміздегі жыл ерекше жыл деуге әбден болады. Еліміздің ата заңына отыз жыл, өзіміз еңбек етіп жүрген Қарағанды университетінің негізін қалаған, алғашқы ректорымыз Евней Арыстанұлының дүниеге келгеніне 100 жыл т.с.

Жуырда (20.08.2025) арнайы атбасын тіреп университетімізге Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жұмыс сапарымен келді. Негізгі мақсаты университетіміздің «Ұлттық» мәртебесімен құттықтай отырып, ЖОО-ның әрі дамуының стратегиялық міндеттерін атап өтті. Бұл жаңалық бізді қатты қуанта отырып, толғандырды. Себебі бұл мәртебе Орталық өңірдегі ең белгілі білім мен ғылым ордасы, жоғарыда аталған ұлы, ғұлама ғалым Евней Арыстанұлының 100 жылдығына есте қаларлық «символикалық» тарту болды. Бұл тегін құбылыс емес. Ол тұғыры биік біртуар ғалымның рухының білім ордасымен бірлігін байқатады. Кезінде қоғамдық саясаттың соққысын көрген ғалым, бүгінде қайта өмірге келгендей. Оны Медеу Сәрсекенің «Біртуар Бөкетов» атты деректі роман-эссесінің екінші тарауының эпиграфы ретінде келтірілген Ибн-Ғабиденнің анасының жоқтауынан терең көрегендік ойынан көруге болады:

«Бір алла өзі білер бар пендесін,
 Өлімнің кім біледі ерте –кешін?
 Егерде тірлікке жазған болса,
 Үзбейді пендесінің несібесін.
 Дүниеден өткенімен әкесі өтіп,

Ертең-ақ жігіт болар бәрі ержетіп...» - Е.А. Бөкетов «Алты хат» [1.35]. Анасының осы жоқтау жолындағы ойлары тура келіп, Ебіней өсіп ержетіп, халым болып, өзінен кейінгі бауырларына сүйеніш болған.

1925 жылы наурыз айының 23 – жұлдызында ағасы тоғызға келгенде, тоғызыншы болып Ебіней Арыстанұлы, Алыпқаш батыр атанған текті отбасында дүниеге келген. Сонда ауылдың мешіт молласының азан шақырып қойған аты Ин-Ғабиден екен. Себебі ағасы Зейнеғабиденмен ұқсас болсын деп қойыпты. Кейін Ебіней-Ғабиден, соңында Ебіней атанған екен. Сонымен, әбден нәресте құтаймаған жұтаң, көпқайғылы әкесі Арыстан мен Балтай анасы Ебінейді еркелетіп өсіреді. Ол заманда немересін әжесінің баурына алуы қалыптасқан қазақ дәстүрі болған және әженің ойында немересін сүккөзден сақтап қалу болар.

Сонымен Ебіней Арыстанұлының балалық шағы өз ретімен жүре береді.

Ол орыс тілін жеті жастан орыс мектебіне барып үйреніп, қазақ тілінің қаймағын әжесінен үйренген сөз шебері болып өседі. Ол алғашқы білімін Қорған облысының Макушинск мектебінде бастаған. 1938 жылы ата-анасымен туған жеріне оралып, арғы білімін аудан орталығы Марьевка ауылында жалғастырды, бірақ әкесінің ауруына байланысты 9-сыныпты аяқтағаннан кейін оқуын тоқтатып, жұмысқа тұруға мәжбүр болды. Бұл жөніндегі естелігінде ғалым өзінің алғашқы ұстазы Агустастина есімі жайлы кейін өте жылы ілтипатпен айтады. Ол кісінің есімі Августа Устиновна Тарасова екен. Мектеп бітіргеннен кейін ғалымның білімге деген құштарлығы Алматы қаласына әкеледі. 1945-46 оқу жылдары Алматы-Новосібір-Алматы темір жолымен ұзақ жол(5 тәулік) жүріп келсе де емтихандарды тапсырып, ҚазГМИ –дың металлургия факультетіне оқуға қабылданады. Міне осылай Евней Арыстанұлының ғалымдық және қызметтік жолы басталады. Ол орыс тілін жетік білгеннен кейін, оқу оған онша қиындық әкелмейді. Дәрістерді Мәскеу, Минск, Киев жерінен кеген орыс ғалымдары оқиды. Негізгі оқу барысы жеңіл болғанымен, сұрапыл соғыстан кейінгі ішім-жемге, киімге тапшылық көптеген қиындықтар келді. Қандай тапсырыс болса да ғалым «жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» жүруді ұнатпаған. 1954 диссертациясын қорғап, көп ұзамай екі жылдан соң доцент атағын алады. Әрі қарай оқу ісі жөніндегі проректор, екі жылдан кейін 1959-60 жылдары Қарағандыдағы Қазақстан Ғылым Академиясының химия – металлургия институтының директоры болып тағайындалады.

Бұл аралықтарда Е.А. Бөкетов көркем әдебиетке өте құштарлығының негізінде болған. Осы қасиеті, сол кезден ғұлама жазушылары Ә. Тәжібаев, Ш.Хусаинов, Ғ. Мүсіреповтермен танысуға себеп болған. Ебіней Арыстанұлы өзінің бір ой-тұжырымында: «Әдебиет менің ғылыммен айналысуымда күш береді», -деген екен.

Адамның өзін болашаққа жетелейтін, намысын оятатын қозғаушы күш, оның танымдық іс-әрекетінде адам белсенділігі мен өнерпаздықтың жоғары түрі ретінде шығармашылығында болмақ. Кең мағынада шығармашылық дегеніміз адамның қоғамдық маңызы бар жаңа материалдық және рухани құндылықтарды жасауға бағытталған қызметі. Шығармашылық адам қызметінің кез келген саласында көрініс табуы мүмкін. Себебі ол адамның танымдық деңгейінің дамуы деген қатынасымызды, зерделік деңгейімізді дамытуға мәжбүр етеді. Міне осындай табиғи жағдайлар ғылымның үрдіс дамуына әкеліп отыр. Оған мысал ретінде қоғамның даму жолындағы, заманауи даму қазіргі ғылымның «жасанды интеллект (зерде)» деген жетістігіне әкеліп отыр. Яғни бұл, адамның шығармашылық деңгейінің көрсеткіші, себебі ХХ-XXI ғасырлардағы ғылыми қозғалыстар тек адамның шығармашылық жетілуінің нәтижесі.

Қандай болмасын қоғамның дамуындағы ғылымдардың дамуы өзінің қалыптасу жолында, өз тарихын және тарихи тұлғаларын қалыптастырды. Ал, әр ғалымның өзінің ғылыми жолында өз тағдыры, өмір өткелдері бар. Солар бірігіп, бір арнаға тоғысқанда, халықтың, ғылымының өзіндік даму, жетілу тарихын құрайды.

Ал ғылым білімді, жоғары қабілеттілікті талап етеді. Осы жерде қазақ ғылымының атасы әл-Фарабидің мына тұжырымынан көруге болады. «Ғылым үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек», - деген [2].

Осы тұста ғұлама ғалымның мына ойын келтірсек, артық болмас: «Әрбір ғалым ғылыми жұмысының бітетін күнін алдын ала білсе – пайғамбардан кем болмай, не шын мәнінде одан ғалым шықпас еді. Ғылым адамның ең ауыр жайы- бастаған ісінің менмен, қашан аяқталатынын білмеуі. Оның үстіне болжаған, көздеген мақсатына бірден жетудің орнына жол-жөнекейбір қызық құбылыстарды байқап қалып, өзгенің бәрін ұмытып, соның соңына түсіп кететіні де болады. Әлбетте тәуекелге басып іздене бересің ...» [3.78].

Міне біздің мақаламыздың негізгі мақсаты – осы ғылым, білім жолында жүріп ғасырлар аясында өмірлері мен білім-ғылымға құштарлығы сабақтасқан еліміздегі рухани байлықтың өрістеуіне үлесін қосып, ізін қалдырған ғұлама ғалымдар жайлы қысқаша сипаттау. Ал міндеті – сол ғылымдардың негізін, ХХ ғасырдың әртүрлі қоғамдық сергелдендерінде берілмей, ел болашағы үшін өмір сүрген тұлғаларды ортақтандырған жағдайларды көрсету.

Бұл ғалымдар - тарихымыздағы Ұлы далада небір қиындықтарды басынан кешірген, сұрапыл соғыстарды, жойқын жортуаларды өткерген, сан рет қирап, сан рет бой түзеген еліміздің қиын қыстау даму жолында жақсыны да, жаманды да көрген тұлғалар. Олардың қазақ даласының әр тарапында жүріп сол кездердегі жағдайларды бір – бірімен өмір жолында кездесуінің өзі керемет құбылыс.

Олар: үстіміздегі жылы торқалы тойы болып отырған, 100 жас толған академик Ебіней Арыстанұлы Бөкетов, «Алаш доценті» аталып халық жауы ретінде 20 жылға сотталып, аман еліне оралған, бүгінде 125 жас толған профессор Сәлкен Балаубаевпен Е.А. Бөкетовтың киелі Қарағанды жерінде жолығуы осының айғағы болмақ.

Сәлкен Балаубаевты 1956 жылы ақталғаннан кейін сол кездегі Қарағанды педагогикалық институтының ректоры Сейтқали Баймурзин жұмысқа алып, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі етіп қояды. Осыдан кейін 1959 жылы сол кісінің ұсынысы бойынша доцент атағын алады. Сәлкен Балаубаев өзінің білімділігімен, адамтанығыштығымен, көрегендігімен жақсы жандармен тығыз араласты. Соның бірі Ебіней Арыстанұлы Бөкетов болатын.

Сол жылдары Е.А. Бөкетов 1950 жылы Қазақ тау – кен металлургия институтын бітіріп, аспирантура бітіріп, ассистент, кафедра меңгерушісі т.б. көптеген мемлекеттік қызметтер атқарып, 1960-1972 Қарағандыда орналасқан Қазақ КСР Ғылым Академиясының Химиялық-металлургия институтының директоры болып жүргенде Сәлкен Балаубаевпен танысып, өмірінің соңғы жылына дейін араласып кетеді. Осы жерде айтуға тұрарлық достық көпірін құрған жағдай, олардың педагогика, психология ғылымдарына жақындығы мен аудармашылық, жазушылық (Батыс және орыс классиктерінің «Макбет», У. Шекспирдің «Юлий Цезарь», Дж. Флетчердің «Испанский священник», И. Василенконың «Артемка» повесін, Э. Золяның әңгімелері мен мақалаларын аударған) Сергей Есениннің "Анна Онегина" поэмасын, Владимир Маяковскийдің өлеңдерін ана тілімізде сөйлеткен тамаша аудармашы әрекеттері. Олар өздерінің әңгіме дүкен құру барысында бір-бірін толықтырып, жалғастырып отырған. Сонымен қоса, бір – біріне сыни көзқараспен де қарай білген.

Егер С. Балаубаев Сталин мен Голощекиннің тырнағынан соққы көрсе, Е. А. Бөкетов кеңес қарсаңындағы кереғарлықтың, көреалмаушылықтың соққысын көрген. Дегенменде өзі мақсат еткен Қаныш Сәтбаевтың ісін жалғастыруда өмірінің соңына дейін күрескен. Академик техника ғылымдарының докторы, профессор, химик-металлург, ғалым, қоғам қайраткері Е.А. Бөкетов өзінің қысқа өмірінде 200-ден астам ғылыми еңбек тоғыз монография және тоқсанға жуық ғылыми жаңалықтар негізінде АҚШ, Швеция, Жапония тағы басқада көптеген шетелдерде аты әйгілі болып, болашаққа теңдесі жоқ із қалдырған. Сонымен қатар ғұлама ғалымды әдеби сыншы, аудармашы деп мүдірмей айта аламыз, яғни ерекше туған «Дарын» -тұлға! Оған дәлел ретінде Ебіней Арыстанұлының М. Сәрсекке жазған еңбектерінде эпиграф ретінде алынған ойларын келтіруге болады. Мысалы:

«Элементтер кестесі, алтыншы топ
Күкірт тұр оттегінен екінші боп
Отызекі атомдық салмақ құрап
Сол күкіртте құрайды со изотоп.
...Ауада түтінденіп оталады,
Түтіні ангидрид аталады,
Сілтiге сiңген кезде жаңарады
Сiлтi, су, күкiрт газ үшеуiнен
Құралар бiр жаңа зат - сульфат деген,
Жер бетiнде құбар күкiрт солай
Валенттiгi сақталса төрттен аумай,
Валенттiгi алтыға шықса егер,

Бұл күкірттің құбылар одан бетер» [3.104]. Қандай керемет ұйқастарды келтіріп жаңалықты ашудағы шеберлігімен ақындық дарыны, оқушы мен тыңдаушының химиялық құбылысқа деген мотивациясын тудырады. Ал, «Ғылымға ізденіс дегеніміз – табиғаттың әлі ашылмай, мәлімсіз тұңғығында жатқан тылсым сырын іздеп табу. Сол үшін ізденушіге мейлінше адал, табанды және батылдық қажет. Ең әуелі өзінің ары алдында адал болуы шарт. Адал адам ғанв ғылыми ақиқатты іздеуге, ғылыми жаңалықты көруге қақылы. Ғылым біріншіден адалдықты тілесе, екіншіден ерлікті, батылдықты талап етеді» [3.175] - дегендегі ғалым тұлғасының ең алдымен адами көрсеткіштерін беріп тұр. Ғалымның осы еңбектері күні бүгінге дейін де, кейінде химия ғылымының дамуында өзінің орнын ойып алады дейміз.

Сәлкен Балаубаев пен Ебіней Бөкетов бір – бірімен ғылым, білім, заман толқынысы жайлы көп сырласатын пікір бөліскен ішкі тылсым ойлары таза жандар болған. Соның көрсеткіші ретінде 1972 жылы Қарағанды

мемлекеттік университетінің ректоры болысымен С. Балаубаевты қызметке шақыруы болды. Бұл ғалымдардың болашаққа деген үміті зор болды және бүгінде үміттері ақталуда.

Үстіміздегі жылы 90 – ға келіп отырған педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Жолмұхан Түрікпеновтың таныстығы сол 1945-46 жылдары алматы меллургия институтында оқыған Сапар Орманов деген ағасымен Евней Арыстанович инсытутта бірге оқыған кезінен басталған. Екеуі екі факультетте оқығанымен өте тығыз аралысып тұрған. Кейінде Жолмұхан аға Алматы педиститутын бітіріп 1959 жжылы Қарағанды педиститутына С. Балаубаевтың кафедрасында жұмыс істеген уақытында жалғасын тапқан. Себебі С. Балаубаев пен Е. Арыстанович өте жақын дос болған. Ебіней Арыстанұлы өте жан-жақты өнерлі, ғылымқұмар азамат болғандығын баса еске алады. Газет, журналдарға мақалалар шығарып тұратын. Е.А. Бөкетов өзінің кен-тау металлургиялық институтты және Қарағанды университетіне ректор болған кездерде жаңашылдыққа, оқу орындарын жоғары деңгейге көтеруді мақсат етіп, қоластындағыларға қатал талап қойды. Әрине, ол кісінің бұл әрекеті кейбіреу, шолақ ойлы, мансапқұмар жандарға ұнамай, үстінен арыз, «домалак қағаздар» жазылып, аяғынан шалу басталды. Олардың бұл әрекеттері Ебіней ағамызға қатты әсер етті. Ол кісі өзінің осы шындыққа сәйкес келмейтін, жалған жалалардан қатты қажып жүргенін тек С.Балаубаевпен ғана аздап бөлісетін. Бірде Сәлкен Балаубаев өзінің аудармаларын Е.А. Бөкетовке көрсетіп, кейбірі баспадан әлі болса да шықпай жатқандығын айтқанда, «уайымдамаңыз әлі – ақ біздің күндер туады дегенін» - өз құлағымен естігенін. Қазақтың «Мақтау – өсіреді, өсек – өлтіреді» дегеніндей, асыл ер, ұлы ғалым, осы әділетсіздікті көтере алмай өте ерте кетті. Дегенмен бүгінгі таңда еңбектері ақталып жатқандығын айтып, Жолмұхан аға, көзіне жас алып есіне алды. «Міне ұлы ғалымның торқалы тойы қарсаңында есімін ту қылып, дүниежүзіне әйгілі болыған Қарағанды университетінің «Ұлттық» мәртебеге ие болуы жай құбылыс емес. Мен шын жүректен оқу орны басшыларын, оқытушы-профессорлар қауымын шын жүректен құттықтаймын! Асқақ арман орындалды деген осы», - деп түйіндеді өзінің шағын естелігін профессор Жолмұхан Түрікпенұлы. Расында жаңашылдықтың ірге тасын қалаған ғалымдар есімі мәңгі есте сақталады.

Сонымен қоса, жоғарыда көрсетілгендей, шығармашылық тұлғалардың білімге, ғылымға деген құштарлығы жастық шақтарынан бастап өмір жолдарының бірліктігі табыстырған деуге болады. Мысалы, бұл тұлғалар сол кезеңге сай сауаттарын алғаш рет діни әліппиден бастап, молдадан оқыған. Білімге деген құштарлықтары оларды әрі қарай оқуға жетелеп, приход мектептерінде, басқа да сол өңірлерде ашылған мектептерде жалғастырып, орысша, ағылшынша, өзбекше, немісше тілдерді меңгеріп, жетілдірген.

Қорыта келе, Қазақстанның жаңаша ғылыми өрістеу қарсаңындағы әр ғасыр бойында тоғысқан ғалымдар еңбектерінің маңдай терлерінің арқасында басқа да ғылымдармен қатар бұл ғылымдардың өзіндік даму тарихы бар екенін ескере отырып, психология, педагогика және химия, физика ғылымдарының отандық ғылыми-әдіснамалық тұжырымдар негізін қалау жас ғалымдардың үлесінде деп санаймыз.

Міне, осы ғұламалардың барлығы бір ғылым арнасында кездесуі – осы Қазақстан жүрегі Қарағанды қаласында болуы заңдылық деуге болады.

Менің осы мақааны дайындау үстінде түйгенім, Абайды қалай бірнеше ғасыр танысақ, ғұлама ғалым Ебіней Арыстанұлы Бөкетовты де солай тану қажет сияқты.

Сол себептен, кезінде көп өмір соқпағын көрген академик Ебіней Арыстанұлының есімімен Қазақстандағы ең ірі жоғары оқу орындарының бірі Қарағанды ұлттық зерттеу университеті аталып отырғандығын мақтан етеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Медеу Сәрсекке. Біртуар Бөкетов. –Қарағанды: ҚарУ б-сы.- 467 с.
2. <https://bilim-all.kz/quote/15146>
3. Бибисара Әмірқызы. Аты – аңыз, өмірі – өнеге ғалым, психолог Сәлкен Балаубаев. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов. ҚарУ б-сы. 2024. – 147 б.

ӘОЖ 159.9.072.43:159.922.4

ҚАЗАҚ ОТБАСЫЛАРЫНЫҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ӨЗБЕКСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ

Арапбаева Д.К., Халықаралық Нордик университеті, Ташкент, Өзбекстан

Қазіргі жаһандану жағдайында этникалық дәстүрлер мен құндылықтардың сақталуы өзекті әлеуметтік мәселе болып отыр. Әсіресе, көпұлтты елдерде өмір сүретін этностық топтардың отбасылық құрылымы мен құндылықтарын зерттеу, олардың тұрақты дамуы мен қоғамдағы орнықты қарым-қатынасын қамтамасыз ету үшін ерекше маңызға ие.

Отбасы – тек қана қоғамның негізгі бөлшегі емес, ол этномәдени құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа берілу арнасы болып табылады. Сондықтан қазақ отбасыларының этнопсихологиялық ерекшеліктерін талдау ғылыми әрі тәжірибелік тұрғыдан өзекті болып саналады.

Өзбекстандық ғалымдардың еңбектерінде, соның ішінде Т.Б.Норимбетов, М.М.Насимджанова, Д.Арапбаеваның зерттеулерінде қазақ отбасыларының әлеуметтік-психологиялық сипаттары алғаш рет жүйелі түрде қарастырылған. Бұл еңбектерде «таза» және «аралас» мәдени ортадағы қазақ отбасыларының құрылымдық және құндылықтық ерекшеліктері, некеге тұру себептері, инкультурация үдерістері, сондай-ақ жаңа түскен келіндердің